

**Қазақстан Республикасының
Жоғарғы сотының төрағасы
Жақып Қажыманұлы Асанов мырзаға**

**Атырау облыстық сотының төрағасы
Бауыржан Тұрсынұлы Жұмағұлов мырзаға
Эльвира Еркиновна Сарғужаевадан**

АЛҒЫС ХАТ

2022 жылы 24 ақпан айында Атырау қалалық сотының шешімімен, менің жауапкерлерге келтірген мүлікті үшінші тұлғаға сыйға тарту келісім шартын жарамсыз деп тану туралы талап арызым толықтай қанағаттандырылды.

Осы істі қарау барысында, судья Лаура Есмағзиевна Лукпанова өз ісінің маманы екенін көрсетіп, заңды шешім қабылдағаны үшін алғысым мол! Істі кәсіби және әділ қарады.

Судьяға тән жан-жақты білімділігімен, істі әділ әрі жан-жақты қарауға тиісті шараларды қолданып, заңды да әділ шешім шығарды.

Сонымен қатар, судьяның сотқа қатысушыларға деген құрметі, сыпайылығы, биязылығы, байсалдылығы еріксіз таң қалдырды.

Лаура Есмағзиевна Лукпанова секілді лауазымына мінезі сай қарапайым да білімді судьялардың көбейе беруіне тілектеспін.

Аса құрметпен,

Э.Е.Сарғужаева